

### Резюме

В этой статье, недавно глобальных экономических событий, которые имели место в пересмотренном объяснение состоит в отношении основных характеристик рыночных отношений. В статье выдвинуто все факторы, оправдывающие общей деловой активности. Автор статьи совместных предприятий в Азербайджане и Турции проанализировали скорость течения развития деятельности, в случае экономики и государственных предприятий в различных областях исследований исследованы факторы, влияющие на общие направления деятельности сообщается. Кроме того, в соответствии со статьей развития азербайджанской экономики, содействовать общему сфер бизнеса, которые предлагается создать.

### Summary

In this article, the recent global economic events that took place in the revised explanation is made regarding the main characteristics of market relations. The article put forward all the factors justifying the common business activity. Article author of the joint enterprises in Azerbaijan and Turkey have analyzed the speed of current development activity, the case of the economy and public enterprises in various fields of studies investigated the factors affecting the common areas of activity reported. In addition, in accordance with article preoriteleri development of the Azerbaijani economy, promote the common business areas proposed to be established. Author areas, agricultural products, manufacturing, healthcare, tourism and so on. establishment of joint enterprises in areas that are necessary and prudent. The article further expansion of activities of different partners in different areas, and some recommendations were made in accordance with the promotion of joint business activities.

**Т.Уалиева,**

педагогика ғылымдарының кандидаты.

Алматы/Қазақстан

### ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР

(Жалпы шолу)

Қазіргі таңда қоғам өмірінде болып жатқан түбірлі өзгерістер жас ұрпақты оқыту және тәрбие беру жүйесіне де ықпал етуде. Әрбір азамат қоғам мүшесі. Сондықтан да білім беру саласы өзінің басты міндеті ретінде жастарға осы кезеңге дейін жинақталған бүкіл қоғамдық тәжірибені олардың жас ерекшелігіне сәйкестендіріп бере білумен қатар, заман талабына сай нақты бір еңбек дағдыларын меңгертуі, осы қоғамдағы мінез-құлық ережелерін бойларын сіңіруі қажет. Және де олардың өздеріне қажетті білімдерді іздеп табуға деген талпынысын ынталандыру, бүгінгі үздіксіз өзгеріс үстіндегі өмір мен тұрмыс жағдайларына жылдам бейімделуі, таңдап алған кәсібінде шығармашылық дағдыларын көрсетуіне ықпал жасау аса маңызды.

Қазақстанның білім беру жүйесі әлемдік білім кеңістігіне интеграциялану үдерісін бастады. Білім беру жүйесін қайта құру заман талабынан, яғни ақпараттық технологиялар ғасыры қойған нақты міндеттерден туындады. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін реформалау жүйелі, кешенді түрде жүргізіліп келеді. Атап айтқанда, 2002 жылы Қазақстан Республикасының жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты қабылданса, 2004 жылы Қазақстан Республикасында жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылы қабылданды. Ал 2008 жылы 12 жылдық білім туралы Қазақстан Республикасында жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 2010 жылы Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары аясында Қазақстан Республикасының білімді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Мұның барлығы білім беру жүйесін реформалау мемлекеттік саясат деңгейінде жүргізіліп жатқанын көрсетеді және осы саланың

қоғам мен мемлекет дамуы үшін қаншалықты маңызды фактор екенін тағы бір айқындайды. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында білім беру ұғымына «оқыту мен тәрбие берудің үздіксіз процесі, оның мақсаты қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени және физикалық дамуын және кәсіби құзыреттілігін жоғары дәрежеге жеткізу болып табылады» деген түсінік берілген [1, 5]. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы да жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктеріне сай көпдеңгейлік үздіксіз білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру үшін білім беруді дамытудағы стратегиялық басымдықтарды айқындап берді және олардың ішінде халықаралық білім кеңістігіне интеграциялану бар. Бұл тұжырымдаманың басты міндеттері қатарында білім берудің мазмұнын, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын жаңарту; білім беру, ғылым салалары мен өндірісті үйлестіру; кәсіптік білім беру мен оқытудың сапасын көтеруге баса назар аударылған.

Қазақстандық білім беру жүйесінің негізгі бағыттары Елбасының жыл сайынғы Жолдауларынан айқын көрініс тауып келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің биылғы жылғы 29 қаңтарда жариялаған «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім беру саласына жеке тоқталып, жеткен жетістіктер мен алдағы атқарылатын шараларды атап көрсете келе, «біз білім беруді жаңғыртуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз», - деді. Үздіксіз, **«өмір бойы білім алудың»** өзектілігін атап көрсеткен Елбасының «сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс» деген сөзі мемлекет пен қоғам дамуындағы педагогика саласының үлкен әлеуетін дәлелдейді және оның болашағына айқын бағдар болып табылады [2].

Осы тұрғыда елімізде мемлекеттік дәрежедегі кешенді шаралар нәтижесінде түрлі деңгейдегі оқу орындары заманауи компьютерлік техникалармен жарақтандырылып, Интернет желісіне қосылуда. Педагогикалық процесті жетілдіру ісінде жаңа мүмкіндіктерге жол ашылып, жаһандық ауқымдағы жаңа коммуникациялық жүйелер, компьютерлік құралдардың пайдаланылуы оқытудың маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Бұрынғы дәстүрлі оқыту жүйесімен қатар қазіргі таңда білім жүйесінде қолданыс тапқан жаңа технологиялар нақты нәтижеге бағдарланған және мұнда негізінен оқыту үдерісінің ұйымдастырушылық формалары түбірімен өзгереді. Жаңа педагогикалық технологиялардың енгізілуі нәтижесінде жаңа әдіс-тәсілдер, жаңа қарым-қатынас түрлері, оқыту үдерісінде жаңа мазмұн пайда болды. Бұл педагогика саласының дамуында ғылымның атқаратын рөлінің зор екенін көрсетеді. Жалпы заманауи технологияларды қолдану білім беру үдерісінің сапасын көтеруге ықпал етеді. Жаңа технологиялардың енгізілуімен бірге педагогиканың мақсаты мен міндеттері де өзгерді. Педагогикалық технологиялар деген жалпы атауға не болған бұл өзгерістер ең алдымен оқу-тәрбие үдерісі барысындағы педагогиканың теориясы мен практикасын қамтиды. Технология сөзінің өзі грек тіліндегі *techne* - өнер, шеберлік дегеннен шыққан, ал *logos* - ғылым, заңдылық, яғни сөзбе сөз айтқанда, технология дегеніміз - шеберлік туралы ғылым. Педагогикалық технологиялар оқыту технологиялары (дидактикалық) және тәрбие технологиялары болып бөлінеді.

Педагогикалық технология ұғымының мағынасы өте кең, ол оқытудың арнайы әдіс-тәсілдерін де, педагогикалық үдерістің ұйымдастырушылық-әдістемелік құралдарын да білдіреді. Заманауи педагогикалық технологиялар жоқтан пайда болған жоқ, бұл әрине, сан ғасырлық педагогика ғылымының ең үздік, заман сынынан өткен жетістіктері мен үлгілерінің табылады. Осылайша, жылдар бойы жинақталған бүкіләлемдік озық тәжірибе мен инновациялық үрдістер, ғылыми жаңалықтар педагогика саласының бүгінгі таңдағы негізгі бағыттарын айқындап отыр, олар негізінен дәстүрлі оқыту, жаңартылған технологиялар, балама технологиялар, дамыта оқыту технологиялары және авторлық мектептер сияқты бағыттар төңірегінде топтасқан. Олардың әрқайсысының өз тұжырымдамасы, әдіс-тәсілдері, ұстанымы бар. Сондай-ақ педагогикалық технологиялар өзіндік оқу жоспарларымен, бағдарламаларымен, оқу-әдістемелік құралдарымен, дидактикалық материалдарымен және

оқытудың көрнекі және техникалық жабдықталуымен қамтамасыз етілген. Педагогикалық технологияларды қолданудағы ең басты олшем оның тиімділігі мен нәтижелілігі болып табылады. Осы тұрғыда оның оқытушы мен оқушыға, сондай-ақ ата-аналар талаптарына жауап бере алуына да баса назар аударылады.

Осылайша, педагогикалық технология оқытудың неғұрлым тиімді жолдарын зерттейтін ғылым және сол оқыту кезінде қолданылатын принциптер мен тәсілдер жиынтығы ретінде қызмет етеді. Педагогикалық технологиялар жалпыпедагогикалық технологиялар, жеке пәндік және оқу-тәрбие үдерісінің жекелеген бөліктерінің локальдық технологиялары деңгейлерінде қолданылып келеді. Жалпыпедагогикалық технологиялар белгілі бір өңірдегі немесе жеке оқу орнындағы білім беру үдерісін сипаттайды. Оған оқытудың мазмұны, әдіс-тәсілдері, мақсаты кіреді. Жеке пәндік технологиялар қандай да бір пән, сынып, мұғалім көлеміндегі нақты оқыту және тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы болып табылады, онда пәнді оқытудың әдістемесі, мұғалімнің жеке жұмыс тәсілі кіруі мүмкін. Ал локальдық технологиялар белгілі бір дидактикалық немесе тәрбие міндеттерінің шешімін білдіреді, ол мысалы, бір сабақтың технологиясы немесе жаңа білімдерді игеру, жеке жұмыс технологиясы болуы мүмкін. Осындай саналуан әдіс-тәсілдер, құрамдас бөліктер өзара үйлесім таба келе белгілі бір педагогикалық технологияны құрайды. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың құрамы аса күрделі, оның негізінде оқытудың мақсаты мен оқу материалдарының мазмұндылығы жатыр. Технологиялық процесс ретінде ол оқу үдерісін ұйымдастыруды, оқытудың әдістері мен формаларын, мұғалімнің нақты материалды меңгеру үдерісін басқаруы тұрғысындағы іс-әрекеттерін, оқу процесінің диагностикасын қамтиды. Мұның өзі педагогикалық технологиялардың кешенді шаралар жиынтығы екенін көрсетеді. Осы тұрғыда технологиялардың бірнеше типін атап өтуге болады:

- Авторитарлық технологиялар, ол шектен тыс қатаңдығымен, мәжбүрлеп оқытуды қолдануымен ерекшеленеді, мұнда алдыңғы орында оқушы емес, оқытушы тұрады;

- Дидактика-центристік технологияларда да тәрбие мәселесіне қарағанда оқыту маңыздырақ және дидактикалық тәсіл басым. Дәстүрлі оқыту жүйесі бойынша қалыптасқан сыныптық-сабақтық оқыту дидактика қағидаларына негізделген. Дидактика дегеніміз оқыту өнері. Оны чех халқының аса көрнекті философ-гуманисті, қоғам қайраткері Я.А. Коменский енгізген болатын және қазірдің өзінде де бүкіл әлем елдерінде негізгі оқу түрі ретінде кеңінен қолданылып келе жатыр. Ян Амос Коменскийді қазіргі заманғы педагогика ғылымының атасы деп санайды, өйткені ол білім беру мен тәрбие ісінің объективтік заңдылықтарын бір жүйеге келтірген тұңғыш ғалым болатын. «Жаратылыс иелерінің ішіндегі ең тұрақсызы және де ең күрделісі болып саналатын адам баласына білім беру шынымен де өнердің өнері» – педагог еңбегіне осылайша баға береді Я.А. Коменский. Ұлы гуманистің педагогтік көзқарасы аса ауқымды, ол әрбір баланы жаратылыстың ерекше туындысы деп біліп, оның бүкіл мүмкіндіктерін дамыту қажет деп санады, қоғамға қызмет етуге қабілетті адам қалыптастырудағы білім беру мен тәрбие ісіне орасан зор мән берді. Коменский жүйесінде тәрбиенің жаратылыспен үйлесімділігі қағидасы басты орын алады, мұнда ғалым адамды табиғаттың бір бөлшегі, яғни «микроскосм» ретінде тұлғаны қалыптастыру заңдылықтары мен табиғаттың жаһандық заңдылықтары арасындағы өзара байланысқа негіздейді. Ғалымның «Ұлы дидактика», «Жалпыға ортақ кеңес» сияқты негізгі еңбектерінде адамгершілік тәрбиесіне ерекше мән берілген [3, 9].

Дәстүрлі оқыту жүйесі жастары біркелкі, даялық деңгейі де бірдей балалардың бір сыныпта бір жыл бойы белгілі бір сабақ кестесі бойынша білім алуы нақты бір пән негізінде өтетін сабаққа негізделген. Дәстүрлі оқыту жүйесінің артықшылығымен қатар кемшіліктері де бар, мысалы, ол негізінен баланың білімдер мен дағдыларды меңгеруіне бағдарланған, ал баланы жеке тұлға ретінде дамыту, оның рухани дамуы мәселелері назардан тыс қалған. Дәстүрлі оқыту жағдайында «педагогикалық шығармашылық тым шектеулі, тіпті мүлдем жоқ деуге болады. Барлық жұмыс дәстүрмен, бұйрықтар мен нұсқаулармен анықталады. Мұндай жағдайда мектеп аса консервативтік мекемеге айналуы ғажап емес» [4].

- Жеке тұлғаға бағдарланған технологиялар (антропоцентристік)

білім беру жүйесінің басты тұлғасы бала деп санайды және оны дамыту үшін неғұрлым оңтайлы, қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз етуге баса назар аударады. Бұл технологияның мақсаты баланы жан-жақты, еркін және шығармашылықпен дамытуды көздейді. Гумандық-жеке тұлғалық, ынтымақтастық және еркін тәрбие технологиялары осы технология шеңберіндегі дербес бағыттар болып табылады. Балаларға ізгілікті көзқарас бала тағдырына деген жауапкершілік, балаға сенім арту, баламен тығыз ынтымақтастық орнату, шектен тыс мәжбүрlemeу, ынталандыру, кемшіліктерге түсіністікпен қарау, бала құқықтары жайлы Конвенцияны орындау қағидаларын қамтиды. Қазіргі таңда осы бағыттағы технологиялар үрдіс алып келеді.

Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың басты міндеті балаға жаңа замандық көзқарас тұрғысынан қарап, оның жас кезінен толыққанды жеке тұлға ретінде қалыптасып дамуына қажетті барлық алғышарттарды жасай отырып, баланы педагогикалық процестің басты нысаны ретінде таңу болып табылады. Жаңа педагогикалық технологиялардың көмегімен оқушылар нақты білімдер мен дағдыларға ие болады және де одан әрі өзін-өзі дамыту үшін ізденуге шығармашылық тұрғыдан қарап, дербес шешім қабылдау дағдыларын үйренеді. Сондай-ақ заманауи коммуникациялық жүйелердің бірегей мүмкіндіктерін пайдалану оларға тың ізденістерге жол ашады. Қажетті ақпаратпен дербес жұмыс істей алатын, өз білімін өмір бойына үздіксіз әрі жан-жақты жетілдіре беруге қабілетті, қажет болған жағдайда жаңа білімдер мен мамандықтар табу дағдысын меңгерген жастар – ұстаз еңбегінің өлшемі де, мектеп пен өзге де оқу орындарының білім беру сапасының өзегі мен басты нәтижесі де міне, осы.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ:**

1. Законодательство об образовании в Республике Казахстан. - Алматы: Юрист, 2003. – 177 с.
2. Назарбаев Н.Ә. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2011. – 29 қаңтар.
3. Коменский Я.А. Великая дидактика // Педагогическое наследие. – Москва: Педагогика, 1987. – 416 с.
4. Гликман И.З. Основные парадигмы образования // Педагогическое образование и наука. – 2005. - № 6.

#### **Резюме**

Согласно новым требованиям образования образовательная система Республики Казахстан на пути становления по внедрению новых информационных технологий. Автор статьи дает общий обзор по использованию вышесказанного в сфере педагогики.

#### **Summary**

According to the new demands of the educational system of the Republic of Kazakhstan our Republic is on the way to use IT (Informational Technologies). The author of the article gives the general review of how to use technologies mentioned before in the sphere of pedagogic.

#### **Özet**

Kazakistan Cumhuriyeti eğitim sisteminin yeni taleplere göre bizim Cumhuriyeti (Bilgi Teknolojileri) BT kullanmak için yolda. Makalenin yazarı, pedagojik alanında önce bahsedilen teknolojilerin nasıl kullanılacağı genel değerlendirme verir.